РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# Ең үздік сый



Ауданымыздың 90 жылдығына орай, орталық кітапхана оқырмандары мен кітапханашылары Меңдіқара ауданының Құрметті азаматы Жолбарыс қажы Баязидтен күтпеген сыйлық алды. Кітапхана оқырмандары автордың «Абыз ақын, ақбар қажы Жолбарыстың жыр әлемі», «Ақиқаттың ақ шыңы», «Махаббатпен жаралған адамзатпыз», «Өң мен түстей дүние» кітаптарын қолдарына алып, жаңа туындылармен танысу мүмкіндігіне ие болды.

Жазушы оқырмандарға және кітапхана ұжымына арналған тілегін кітап мұқабасына қалдырды. Меңдіқара орталықтандырылған кітапхана жүйесі мекемесінің ұжымы Жолбарыс қажы Баязидке сыйға тартқан кітаптары үшін үлкен ризашылығы мен алғысын білдіреді, бұл кітапхана оқырмандарының кітап оқуға деген сүйіспеншілігін оятып, жағымды эмоцияларға түрткі болады деген ойда. Еңбексүйгіш және мақсаткер жерлесімізге шығармашылық табыс тілейді.

***Өз тілшіміз***